

# Жаңа спектакль дайындау үстінде

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалы-драма театрында жаңа спектакльге дайындық басталғалы біраз болды. Белгілі жазушы-драматург Д.Исабековтің «Актриса» мелодрамасын дайындап жатқан театрдың талантты жас актрисасы, Б.Бейшеналиева атындағы Бішкек өнер академиясының режиссерлік факультетінің соңғы курсына оқып жүрген Мируана Жанботаева.

Бұдан бұрын Мируана Р.Ибраеваның балаларға арналған «Бәйтерек» ертегісін қойып, көрермен қауымнан тәуір бағасын алған болатын.

Театрдағы ең үлкен жауапкершілік алдымен режиссерге түсетіні мәлім. Осыны сезінген Мируана Досжанқызы бұл спектакльге үлкен дайындықпен кірісті. Жан-жақты ізденіп, үлкендердің тәжірибе, ақыл-кеңестерін ескере жүріп, өнер адамдарына етене жақын осы пьесаны сахналауды қолға алды.

«Актриса»-бар өмірін өнерге арнаған нәзік жүректі, сыршыл сезімді әйелдің тағдыры. Оны өмірдің өзіндей шынайы етіп ойнап шығу үлкен дайындықты талап етері сөзсіз. Дегенмен, бұл рольді сомдау театрдың жас актрисасы Рауан Окшиеваға сеніп тапсырылды. Рауан бұдан бұрын В.Шекспирдің «Гамлет» трагедиясында - Гертруда, К.Әбдірахманның «Кетбұқасында» - Рымкүн ханша, театрдың биылғы жаңа қойылымы В.Дельмардың «Өкінішті өмір» драмасында - Анита сияқты күрделі образдарды сәтті шығарған еді. Сондықтан, актриса Айгүл Асанованың ролі оған қиындыққа түсе қоймас. Спектакльдегі басқа рольдерге театрдың орта буын артистері мен жастары қамтылған.

Спектакльдің премьерасы сәуір айының ортасына жоспарлануда.

Театр ұжымы аталған спектакльден кейін іле-шала тағы бір жаңа спектакльдің дайындығына кірісетін болады. Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына орай ақиық ақынның 5 өлеңдер топтамасы бойынша «Ей, тәкаппар дүние, маған да бір қарашы...» деп аталатын моно-спектакльді театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР халық артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаев пен жас режиссер Жасұлан Түсіпбеков бірлесіп қойғалы отыр.

Ү.Молдаберген.